

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 882 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 674 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 N 674 Қаулысымен.**

Автомобиль өнеркәсібін дамыту және отандық машина жасауды тұрақты дамыту үшін қосымша инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1054 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 42, 440-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерінде:

"СЭҚ ТН коды" деген бағанындағы "8703\*\*-жолда көрсетілген тауарлардан басқа, 8702-8704" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"8703\*\*, 8702\*\*\*, 8704\*\*\*-жолдарда көрсетілген тауарлардан басқа, 8702-8704" ;

"8703**-жолда көрсетілген тауарлардан басқа, 8702-8704	Автомобильдер, адамдарды тасымалдауға арналған жеңіл және өзге де моторлы көлік құралдары, жүк-жолаушы автомобильдерді, фургондар мен жарыс автомобильдерін, жүк автомобильдерін қоса алғанда	м ы н а : Дайындау, ол кезде пайдаланылатын тораптар мен детальдар құны түпкілікті өнім бағасының 50%-ынан аспауы тиіс, сондай-ақ мынадай операцияларды орындау шартымен: қорапты (кабинаны) дайындау және сырлау; қозғалтқышты қондыру және бекіту, басқару тетіктерін қозғалтқышқа қосу; радиаторларды қондыру және
--	---	--

суыту жүйелерін іске қосу;  
амортизаторларды бекіту,  
трансмиссияларды іске  
қ о с у ;  
алдыңғы аспаларды және  
жартылай осьтерді құру,  
артқы аспаны қондыру;  
рульмен басқарушы алдыңғы  
доңғалақтардың күпшегімен  
біріктіру; доңғалақтарды  
қондыру және алдыңғы  
күпшектің мойын тіректе-  
рінің тартылуын реттеу;  
оталдыру орауыштарын  
қондыру; рульмен басқарудың  
гидрожүйесіне, тежеу  
жүйесіне, гидроілінісуге  
май құю және жел беру;  
фарларды, алдыңғы және  
артқы белгі беру шамдарын  
қондыру және іске қосу;  
сөндіргішті және  
пайдаланылған газ шығаратын  
құбырлар секцияларын  
қондыру; отын багін қондыру  
және отын құбырын іске  
қосу; генераторды қондыру  
және жетекші белдіктің  
керілуін реттеу; ернеулік  
электр тізбектерінің  
жұмысын тексере отырып,  
аккумуляторды қондыру және  
іске қосу; қозғалтқыштың  
диагностикасы және оны  
реттеу; тежеу жүйесінің  
тиімділігін тексеру;  
тез зақымданатын жерлерді  
сақтау; жиналғаннан кейін  
ақауларды жою; табличкаға

және автомобильге сәйкестендіру нөмірін жазу; автомобильді жүргізіп жаттықтыру. 8704 позицияның тауарлары үшін жоғарыда көрсетілген технологиялық және өндірістік операцияларда қорапты (кабинадан) жасау және бояу орнына аспалы және көпірлері бар қақпаны жасау жөніндегі операцияларды орындауға

рұқсат беріледі"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"8702\*\*\*,  
8704\*\*\*

Жүргізушіні қоса Дайындау, ол кезде алғанда, пайдаланылатын импортты адамдарды тасымалдауға тораптар мен детальдардың арналған моторлы көлік құны алғашқы жылы осы құралдары; жүктерді тауар түрін дайындау тасымалдауға арналған басталатын күннен бастап моторлы көлік түпкілікті өнім бағасының құралдары 95%-ынан аспауы тиіс; екінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 90%-ы; үшінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 80%-ы; төртінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 70%-ы; бесінші жылы - түпкілікті өнім бағасының 60%-ы; алтыншы жылы - түпкілікті өнім бағасының 50%-ы, сондай-ақ автомобиль көлігі құралдарын дайындау үшін пайдаланылатын жекелеген жинақтаушы элементтердің ең аз тізбесінің мыналарды

қамтуы шартымен:  
жинақталған қорап (дайындау  
басталатын күннен бастап  
төртінші және кейінгі  
жылдары дәнекерлеу және  
сырлау жөніндегі техноло-  
гиялық операцияларды  
орындай отырып, толық  
бөлшектелген қорап  
қолданылады); трансмиссия-  
лары бар қозғалтқыш;  
радиатор; жиынтықтағы  
қозғалатын доңғалақ;  
алдыңғы жартылай осьтер  
(алдыңғы аспа); артқы  
аспа; аккумулятор; алдыңғы  
және артқы аспалардың  
амортизаторлары; қақпақша  
жүйелер; бекіткіш

детальдардың жиынтығы";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"\*\*\* осы тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдері ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде өндірілген 8702, 8704 тауар позицияларына ғана қолданылады.

Бұл ретте ірі ауқымды инвестициялық жоба деп тауар өндірісінің басталатын күніне негізгі капиталға кемінде 0,5 млрд. теңге инвестициялаған заңды тұлға жүзеге асыратын қазіргі заманғы автомобиль көлігі құралдары мен автомобиль құрамдас бөліктерін шығару үшін өндіріс қуаттарын құру немесе дамыту жөніндегі жоба түсіндіріледі.

Инвестициялардың көлемін аудиторлық есеппен растау қажет".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*